

2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 7/63 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 қаңтарда № 2199 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және 2012 жылғы 23 қарашадағы № 54-V «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңдарына, облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 7/77 «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2184 болып тіркелген) сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемде бекітілсін:
 - 1) кірістер - 5 161 957 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 3 577 912 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 15 027 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсімдер - 11 162 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша - 1 557 856 мың теңге;
 - 2) шығындар - 5 257 429 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу - 56 390 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 64 034 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 7 644 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;
 - мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 151 861 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 151 861 мың теңге,
 - оның ішінде:
 - қарыздар түсімі - 54 527 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу - 7 644 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары - 146 704 теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 11.03.2013 № 8/68; 10.07.2013 № 11/98; 28.08.2013 № 13/108; 12.12.2013 № 14/113 (

01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2013 жылға аудан бюджетіне кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:

1) Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы - 32,8 пайыз;

2) Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;

3) Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы - 100 пайыз;

4) Әлеуметтік салық - 33,4 пайыз.

Ескерту. 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 11.03.2013 № 8/68; 10.07.2013 № 11/98; 28.08.2013 № 13/108; 12.12.2013 № 14/113 (

01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. 2013 жылға арналған Маңғыстау ауданының бюджетінен облыстық бюджетке 557 143 мың теңге сомасындағы бюджеттік алу белгіленсін.

4. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде республикалық бюджеттен ағымдағы мақсатты трансферт қарастырылғаны ескертілсін:

183 640 мың теңге - мемлекеттік білім беру тапсырысын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде іске асыруға;

21 603 мың теңге - мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға;

2 462 мың теңге – үшсатылы жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыруға;

4 583 мың теңге - жетім сәбидің (жетім балалардың) күтімі үшін бағып-қағушыларға (қамқорлығына алғандарға) және ата-ана қамқорлығынсыз қалған сәбиге (балаларға) ай сайын ақшалай қаржы төлеуге;

7 786 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде ішінара субсидиялауға;

9 199 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге;

5 359 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде жастар тәжірибесіне;

5 981 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға;

68 367 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде ауылдардың елді мекендерін дамытуға;

37 166 мың теңге - жұмыспен қамту 2020 Бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға;

64 783 мың теңге - эпизоотияға қарсы іс - шаралар жүргізуге;

9 319 мың теңге - ауылдық жерлердегі әлеуметтік саланың мамандарына әлеуметтік қолдауды іске асыруға;

10 789 мың теңге - жергілікті атқарушы органдардың штат санын өсіру.

4-1. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде облыстық бюджеттен мақсатты нысаналы трансферт қарастырылғаны ескерілсін:
47 621 мың теңге - ғимаратқа күрделі жөндеуге.

Ескерту. 4-тармаққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 11.03.2013 № 8/68; 10.07.2013 № 11/98; 12.12.2013 № 14/113 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде республикалық бюджеттен дамуға арналған мақсатты трансферт қарастырылғаны ескертілсін:
200 000 мың теңге - білім беру нысандарының құрылысын салуға;
180 223 мың теңге - сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға;
251 682 мың теңге - инженерлік- коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға;
24 041 мың теңге – Шетпе селосында 2 пәтерлік муниципалдық тұрғын үйдің құрылысын салуға;

201 969 мың теңге – Шетпе селосында 4 пәтерлік муниципалдық (коммуналдық, жалдамалы) тұрғын үйдің құрылысын салуға.

Ескерту. 5-тармаққа толықтырулар мен өзгерту енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 11.03.2013 № 8/68; 10.07.2013 № 11/98 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

6. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде республикалық бюджеттен бюджеттік кредит қаржысы қарастырылғаны ескертілсін:
64 034 мың теңге - ауылдық жерлердегі әлеуметтік саланың мамандарына әлеуметтік қолдауды іске асыруға.

Ескерту. 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 11.03.2013 № 8/68; 12.12.2013 № 14/113 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

7. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте мына көлемде облыстық бюджеттен дамуға арналған мақсатты трансферт қарастырылғаны ескертілсін:
183 334 мың теңге - білім беру нысандарының құрылысын салуға;
134 640 мың теңге - сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға.

8. Құқық берілсін:

1) Атаулы және мерекелік күндер құрметіне біржолғы әлеуметтік көмек: Ұлы Жеңіс күніне 9 мамыр Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы - 100 000 теңге мөлшерінде;
Ұлы Жеңіс күніне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - 60 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға - 50 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және соғысы ардагерлерінің және соғыста қаза тапқан әскери жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне – 40 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне 1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттық салдарын жоюға қатысқан және Чернобыль атом электр станциясындағы апаттық салдарынан мүгедек болған адамдарға - 20 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикасы Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға - 10 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Жеңіс күніне 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес істегендер (қызмет еткендер) жұмыс істегені туралы еңбек кітапшасында жазбасы немесе стаж белгілеу арнайы комиссия шешімі немесе мұрағаттық анықтамасы бар тыл еңбеккерлеріне - 10 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына (Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлерінен басқа) - 10 000 теңге мөлшерінде;

Дүниежүзілік қарттар күніне (1 қазан): жасына байланысты әлеуметтік жәрдемақы алушыларға және жасы 70 - тен асқан зейнеткерлерге – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Дүниежүзілік мүгедектер күніне (жыл сайын қазанның екінші жексенбісі): мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын мүгедек балалар мен барлық топтағы мүгедектерге - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының Конституция күніне (30 тамыз): асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың балаларына - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға - 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; облысқа сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға - 36 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) Тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек төлеуге: мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға - 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың балаларына - 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Ай сайын төлеуге: үйден оқып және тәрбиеленетін бала кезден мүгедек балаларға - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй көмегі; коммуналдық шығын төлемдерін жабуға жанбасылық табыстан артық отбасыларға қолданудағы заңнамамен белгіленген тәртіппен қаралған қаржы көлемінде тұрғын үй көмегі ;

4) Аз қамтамасыз етілген және аса мұқтаж отбасыларға қиын тұрмыстық жағдайлар туындаған кезде біржолғы материалдық көмек белгіленген тәртіппен қаралған қаржы көлемінде төленсін.

5) Облыс әкімінің гранты негізінде жоғарғы оқу білім алушы халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына жататын студенттерге оқу ақысы жыл сайын, степендиясы ай сайын төленсін.

б) Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлеріне, әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының қызметкерлеріне біржолғы коммуналдық қызметтерді өтеуге және отын сатып алуға 12 100 теңге төленсін.

7) Жергілікті өкілетті органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайтын, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесіне сәйкес, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ескерту. 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 28.08.2013 № 13/108(01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Аудан әкімдігінің резерві 7 298 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - Маңғыстау аудандық мәслихатының 12.12.2013 № 14/113 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 4-қосымшаға сәйкес 2013 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылу процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Шалабаев

Мәслихат хатшысы

А у д а н д ы қ

Т. Қылаңов

КЕЛІСІЛДІ:

«Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Шабикова Рима Нерражимқызы

21 декабря 2012

Аудандық

2012

№

№ 1 қосымша

жылғы

21

7 / 6 3

мәслихаттың

желтоқсандағы

шешіміне

2013 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау аудандық мәслихатының 12.12.2013 № 14/113 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Сан	Сын	Ішкі сын	А т а у ы	Сомасы, мың теңге
			I.Кірістер	5 161 957
1			Салықтық түсімдер	3 577 912
	1		Табыс салығы	60 872
		2	Жеке табыс салығы	60 872
	3		Әлеуметтік салық	69 090
		1	Әлеуметтік салық	69 090
	4		Меншікке салынатын салықтар	3 407 093
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 356 521
		3	Жер салығы	15 237
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	34 835
		5	Бірыңғай жер салығы	500
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	36 998
		2	Акциздер	2 935
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	26 747
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 289
		5	Ойын бизнесіне салық	27
	7		Басқа да салықтар	87
		1	Басқа да салықтар	87
	8			

		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны үшін және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар (немесе) лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер	3 772
	1	Мемлекеттік баж	3 772
2		Салықтық емес түсімдер	15 027
	1	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	4 128
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	2 369
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 747
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12
	2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 497
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 497
	3	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	24
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	24
	4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4 318
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4 318
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 060
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 060
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	11 162
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 162
	1	Жерді сату	10 564
	2	Материалдық емес активтерді сату	598
4		Трансферттердің түсімдері	1 557 856
	2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 557 856
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 557 856

Фтоп	Әк.	Бағ	Атауы	Сомасы, мың теңге
			II.Шығындар	5 257 429
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	260 825
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17 360
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 360
		002	Ақпараттық жүйелер құру	1 000
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	55 932
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52 572
		002	Ақпараттық жүйелер құру	1 200
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 160
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	152 887
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	149 527
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 360
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	34 646
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	935
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын, қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 961
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 750
2			Қорғаныс	4 395
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 395
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 395
4			Білім беру	2 575 075
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	325 199
		004	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	147 901
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	177 298
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 860 842
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	23 954
		003	Жалпы білім беру	1 698 492
		006	Балаларға қосымша білім беру	44 131

	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 801
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	27 500
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 239
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	4 583
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	13 042
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	33 100
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	389 034
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	389 034
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	245 532
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	5 775
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	5 775
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	239 757
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	30 922
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	24 346
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 875
	006	Тұрғын үй көмегі	28 712
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	117 646
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 775
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	4 413
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	2 454
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	2 578
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 415
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 266
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	0

		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	355
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 088 034
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 010 993
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	301 014
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	466 269
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	243 710
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	58 578
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	32 139
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 150
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	19 061
		027	Жұмыспен қамту-2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	6 228
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14 969
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
		028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	14969
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 494
		026	Жұмыспен қамту-2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	3 494
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	149 411
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	80 103
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	80 103
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	35 814
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 428
		010	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1 962
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	25 023
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 400
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9 350
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	402
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	3 024

	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 925
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 545
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	208
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	400
	001	Жергілікті деңгейі дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 937
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	20 599
	006	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	3 784
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	9 485
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	3 376
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру, тілдерді дамыту және мәдениет саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 755
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	92 828
474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі	74 802
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 458
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	64 783
	012	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	561
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9 391
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	9 391
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	8 635
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 635
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15 640
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	15 640

	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 490
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
12		Көлік және коммуникация	137 548
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	137 548
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	31 048
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	106 500
13		Басқалар	128 005
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 860
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 720
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	140
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	73 681
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 807
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	48 875
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 298
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7 298
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	29 266
	040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	29 266
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 899
	041	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	7 899
14		Борышқа қызмет көрсету	12
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	12
15		Трансферттер	560 124

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	560 124
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2 981
		007	Бюджеттік алулар	557 143
			III.Таза бюджеттік кредиттеу	56 390
			Бюджеттік кредиттер	64 034
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	64 034
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	64 034
		018	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	64 034
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 644
	1		Бюджеттік кредиттерді өтеу	7 644
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	7 644
			IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
13			Басқалар	0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0
		014	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
			V.Бюджет тапшылығы (профициті)	-151 861
			VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	151 861
			Қарыздар түсімі	54 527
16			Қарыздарды өтеу	52 590
